

## Алматы облысындағы облыстық мәні бар Қапшағай қаласының шекарасын өзгерту

Алматы облысы мәслихатының 1998 жылғы 14 мамырдағы N 5-170 шешімі және Алматы облыстық әкімінің 1998 жылғы 17 сәуірдегі N 20-157 шешімі. Алматы облысының Әділет басқармасында 1998 жылы 16 маусымда N 21 тіркелді

Ескерту. Атауына өзгеріс енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 2010.04.12 N 32-194 Шешімімен және Алматы облысы әкімдігінің 2010.04.13 N 45а (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 2010.04.12 N 32-194 Шешімімен және Алматы облысы әкімдігінің 2010.04.13 N 45а (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының талаптарына сәйкес Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ, Кербұлақ аудандары өкілетті және атқару органдарының ұсыныстарын қарай келе Алматы облысының әкімі мен Алматы облыстық мәслихат шешім қабылдады:

1. Облыстық мәні бар Қапшағай қаласына жалпы ауданы 331113.0 га жер учаскелері, соның ішінде Іле ауданының жерінен 16566.0 га., Талғар ауданынан 178610.0 га., Еңбекшіқазақ ауданынан 131157.0 га. және Кербұлақ ауданынан 4780.0 га жер, қосымша берілетін жоспарлы материал мен шекаралардың N 1 қосымша сәйкес суреттелуіне сай шекараларда берілсін.

2. Қапшағай қаласының әкімшілік бағыныстылығына Талғар ауданындағы Шеңгелді селолық округының Шеңгелді, Ақөзек, Сарыбұлақ, Кербұлақ, Қосқұдық елді мекендері, Тасқұм, Құлантөбе, Бөктер разьездері және Іле ауданындағы Жетіген селолық округының Арна селосы берілсін.

3. Алынып тасталды - Алматы облыстық мәслихатының 2010.04.12 N 32-194 Шешімімен және Алматы облысы әкімдігінің 2010.04.13 N 45а (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметіне және Қазақстан Республикасының Президентіне Қапшағай аумағының аумағына арнайы экономикалық аймақ құрылсын деген ұсыныспен кірсін.

5. Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ және Кербұлақ аудандарының әкімдері жер пайдаланушылардың, жер-есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізсін.

*Алматы облысының әкімі*

*О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т ы*

*сессиясының төрағасы*

А л м а т ы		о б л ы с ы	ә к і м і н і ң
1 9 9 8	ж .	1 4	м а м ы р д а ғы
N	5 - 1 7 0	ж ә н е	А л м а т ы
о б л ы с т ы қ			м ә с л и х а т ы н ы ң
1 9 9 8	ж .	1 7	с ә у і р д е г і
N	2 0 - 1 5 7		ш е ш і м і н е
N 1 қосымша			

## **Шекараларды суреттеу**

Іле өзенінің сағасындағы жиырмамыншы километр "Тастағы суреттерді" қоса алғанда және шығыс бағытындағы "Айтуар" АҚ-ы (Кербұлақ учаскесі) жер пайдалану шекаралары бойынша және бұрынғы Талдықорған облысының шекарасы мен "Айтуар" АҚ-ы (Шолақ учаскесі) жер пайдалану шекарасы бойынша Талғар ауданының Қосқұдық, Шеңгелді, Сарыбұлақ, Кербұлақ, Ақөзек елді мекендері мен Масқұм, Құлантөбе Бөктер разъездерін, сондай-ақ "Шеңгелді" ӨК-і, "Кербұлақ" ӨК-і, "Қапшағай" ӨК-і мен ұлттық "Алтын Емел" табиғи паркінің шекараларына дейін.

Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауындағы ұзындығы бір километр болатын санитарлық-экологиялық аймақпен мемлекеттік ұлттық "Алтын Емел" табиғи паркінің шекараларынан "Поющие барханы" шатқалын қоса, Іле өзенінің Қапшағай су қоймасына құйылатын жеріне дейін және Қапшағай су қоймасының оңтүстік жағалауы мен Аяққалқан курорт аймағын қоса, ары қарай батыс бағытындағы 479-ші қабат бойынша Еңбекшіқазақ ауданының Қапшағай балық питомнигін қоса, ары қарай Талғар, Іле аудандарының жерімен Қаскелеңка өзеніне дейін, Қаскелеңка өзенінің сағасымен Алматы-Өскемен автомобиль жолының Қаскелеңка өзенімен қиылысына д е й і н .

Қаскелеңка өзеніндегі көпірден бастап солтүстік бағытта, Алматы-Өскемен автомобиль жолындағы белдеушенің батыс жағымен Қапшағай қаласының қазіргі шекарасына дейін, Іле ауданындағы құм карьерін, Жетіген селолық округының "Рауан" ҰШ-ы мен Арна селосының жер пайдалану шекараларын қоса, ары қарай Қапшағай қаласының қазіргі шекарасымен "Сорбұлақ" каналының Іле өзеніне құйылатын жеріне дейін "Әбдіғұлов" ӨК-і жер пайдалану шекарасын қоса және ары қарай Іле өзенінің арнасымен жиырмамыншы километрге дейін.

*Аппарат басшысы*